№184 жалпы ортабілім беретін мектеп психологының 2023-2024 оқу жылындағы атқарған жұмыстарының жылдық есебі

2023-2024 оқу жылының басталған мерзімінен бері психологтың жылдық жоспарына байланысты біршама қызметтер атқарылды. Мектептегі психологиялық қызметтің жылдық жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен бірігіп қадағалауды қажет ететін оқушылар тізімін алып, бірігіп жоспар жасалынып, диагностикалық, коррекциялық, ағартушылық жұмыстар жүргізілуде. Қыркүйек айында жыл бойына жүргізілетін 1-11 сынып аралығында оқитын оқушылардың ата-аналарынан ағартушылық бағытта диагностикалық жұмыстарға байланысты келісім парағы алынды. Сынып жетекшілермен бірлесіп 1-11 сынып оқушыларынан педагогикалық-психологиялық жеке даму карталары толтырылды.

Қыркүйек, қазан айларында 1-сынып оқушыларынан мектепке психологиялық дайындығын зеттеу мақсатында «Керн-Йерасек» (1.Адамның суретін салу. 2.Сөздер көшірмесі. 3. Нүктелер көшірмесі) әдістеме-тесті алынды. Осы тұста оқушыларға «Кел танысайық» тренингі өткізілді.

Қыркүйек, қазан айларында 5-сынып оқушыларымен «Бірінші рет 5 сыныпқа» атты түзету-дамытушылық жұмыс өткізілді және «Менің сыныбым» әдістемесі алынды.

Қазан айында 5-11 сынып оқушылар арасында «Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы» бойынша сауалнама алынды. 5-6 сыныптар арасында HCB-10 тесті алынды. Қатысқан оқушылар саны – 45 оқушы. 7-11 сыныптар аралығында оқушылардың көңіл–күйін, невротизация деңгейін, ашуланшықтығын, әлеуметтік бөлектенуін анықтау мақсатында оқушылардан DASS шкаласы алынды. Қатысқан оқушылар саны – 117. Сұхбатқа келген оқушы саны – 8. Мектепшілік бақылауда 1 оқушы. Психологиялық қолдау топқа 1 оқушы алынды.

Қыркүйек, қазан айларында 11-сынып оқушыларынан «ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?» тақырыбында түзету –дамытушылық жұмыс өткізілді. Қазан айында 4-5-сынып оқушыларына «Мен өзімді мақтай аламын» тақырыбында және 6-сынып оқушыларына «Пікірталас-жанжал емес» тақырыптарында түзету-дамыту тренингі өтті.

Ата-аналарды ақпараттандыру барысында «Балалар үшін бірігейік» ата-аналар жиналысы өтті және «Кибербуллинг дегеніміз не?» тақырыбында баяндама тыңдалды. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға сабақ беретін пән мұғалімдері, ата-аналарға психологиялық сүйемелдеу берілді. Сұраныс негізінде (мұғалім, ата-ана, оқушы) жеке және топтық кеңестер жүргізілді.

Қараша айында оқушының психологиялық саулығын бағалау шкалалары бойынша эссе алынды. 5-11 сынып оқушылары арасында алынған эссе тақырыптары:

«Өзінді мақта» /5 сынып/

«Менің армандарым» /6 сынып/

«Менің өмірім» /7 сынып/

«Менің айтылмаған сырларым» /8 сынып/

«Мен өзгерткім келеді» /9 сынып/

«Мен таңдаған өмір» /10 сынып/

«Болашаққа хат» /11 сынып/

Зерттеу барысында оқушылардың арасында аутодеструктивтік мінез-құлықты оқушылар жоқ, қалыпты деңгейде.

Қараша айында оқушылардан темперамент типін анықтау мақсатында «Сіздің темпераментіңіз» тесті (А.Белов) алынды.

Диагностикалық бағыт бойынша бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін анықтау мақсатында (зейін, ес, қиял, ойлау т.б) сауалнама алынды. Мектепалды даярлық топ оқушыларына танымдық үдерістерін дамыту сабақтары жүргізіліп «Дөңгелектеп жаз » әдісі алынды. 2-сынып оқушыларынан «Өрнекті жалғастыр», 3-сынып «Не артық», 4-сынып «Түсініктерді салыстыру» әдістемелері алынып, қорытындылары шығарылды.

Қараша мен желтоқсан айларында аутодеструктивті мінез-құлықтың (суицидке бейімділік) алдын алуға байланысты психокоррекциялық сабақтар жүргізілді.

«Алақай мен оқушымын» /1- сынып/
«Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту » /3-сынып/
«Менің мектептегі сезімім» /5- сынып/
«Күйзелістен қалай арылуға болады» /8-9 сынып/
«Ашу-ыза билегенде не істеу керек? /10-11 сынып/
«Кәсіптік бағдар: Кім болғым келеді?» /11-сынып/

Сыныптар бойынша психологиялық түзету-дамыту жұмыстары, тренинг-сабақтар жүргізіліп, мемлекеттік емтиханға психологиялық сүйемелдеу жасалды.

Ата-аналарға арналған «Жақсы бала ата-ана қуанышы» атты тренинг сабағы өткізілді. «Бала құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Желтоқсан айында қыз балалармен психикалық саулығын нығайту, тәртіпсіздіктің алдын алу, жеке бас қауіпсіздігін сақтауға бағытталған кездесу өткізілді.

Желтоқсан айының 19- күні 7-11 сыныптар аралығында «Зорлық-зомбылықсыз әлемді қалай құруға болады?» тақырыбында профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

III оқу тоқсаны басталған мерзімінен бері психологтың жылдық жоспарына сәйкес көптеген психологиялық қызметтер атқарылды. Қаңтар айында 9-11 сынып оқушыларынан Л.Йовяйшидің белгілі бір мамандыққа бейімділігін анықтау әдістемесі (Г.Р.Резапкинаның модификайиясы) алынды.

Қаңтар мен ақпан айларында аутодеструктивті мінез-құлықтың (суицидке бейімділік) алдын алуға байланысты психокоррекциялық түзету-дамыту сабақтар жүргізілді.

«Біздің сынып - бұл біз» /1-сынып/
«Мен өзімді мақтай аламын» /5-сынып/
«Реніштен арылу» /6-сынып/
«Өтініш және менің оған деген қарым-қатынасым» /7-сынып/
«Ой, сезім, мінез-құлық» /8-сынып/
«Менің құқықтарым» /9-сынып/

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестеріне түзету-дамыту жаттығулары жүргізілді. /2-4 сыныптар/

Тоқсан басталғалы бері ерекше назардағы оқушылармен жеке сабақтар жүргізіліп,мектептегі іс-шараларға қатысуы қадағаланып отырды.

«Кәмелетке толмағандар арасында суицид, құқықбұзушылық, ертежүктіліктің алдын алу» тақырыбында ата-аналарды ақпараттандыру жиналысы болды. Және сыныптар арасында да бірыңғай сынып сағаты ұйымдастырылды.

Ақпан айында мектеп мұғалімдерімен "Қарым-қатынас жарастығы"атты тренингі болып өтті. Мақсаты: мұғалімдер арасында қарым-қатынасты нығайту, психологиялық көңіл-күйлерін көтеру,эмоционалды жігер беру.

Ақпан айының 21-28 аралығында 7-11сынып оқушыларынан стреске төзімділікті анықтау мақсатында «Э.Ховард» тесті бойынша сауалнама жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың даму деңгейін және оның психикасының ерекшеліктерін анықтауға арналған 3-4 сынып оқушыларынан «Кактус» әдістемесі, 5-6 сынып оқушыларынан «Менің отбасым», 7-11 сынып оқушыларынан «Дүниеде жоқ жануар» әдістемелері

алынды. Бұл суреттер арқылы оқушылардың жеке дара қасиеттері мен интеллектуалды деңгейін анықтау барысында оқушылар қалыпты деңгейде анықталды.

7-11 сынып оқушыларына мектеп медбикесімен бірге «Ерте жүктіліктің алдын алу,суицидтік мінез-құлықтың белгілері,психикалық денсаулық, оқушылар арасындағы зорлық - зомбылық,нашақорлықтың алдын алу» тақырыбында түсіндірме, ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: қазіргі таңда белең алып бара жатқан түрлі оқыс оқиғалардан сақтау,оқушылардың бойына тәрбиелік мәні бар бейнесабақтарды көрсету арқылы бауырмалдылыққа,достыққа, денсаулығына бей-жай қарамауға үйрету,құқықбұзушылықтардың алдын алу және болдырмау. Жиналыс барысында оқушыларға бейнероликтер,слайдтар көрсетіліп, жасырын сауалнамалар алынды.

Наурыз айында ағартушылық бағытта «Ғажайып әлем» атты психологиялық апталық өтті. /1-11 сыныптар, ұстаздар, ата-аналар қатысуымен/

1-күн. Апталықтың ашылуы «Таңғы сәлем!» ,«Дәм сезу ойыны» оқушылармен жұмыс. «Бақытты сәтіңнен із қалдыр» Мұғалімдермен,оқушылармен қызықты ойындар ұйымдастыру апта бойы.

2-күн. «Жақсы көңіл-күй жан шуағы» бастауыш сынып арасында сайыс. «Көңілді үзіліс» атты жарыс өткізілді.

3-күн. Мұғалімдермен тренинг «жақсы мінез жан байлығы», «Ойна да,ойла».ЕББк оқушылармен дидактикалық ойындар

4-күн. Ата-аналармен тренинг «Қарым-қатынас жарастығы», «Көңілді үзіліс» оқушылармен

5-күн. Концерттік бағдарлама «Тек алға!»бейнеролик

Дүйсенбі қорытынды кеш. Оқушыларды марапаттаулар жүргізілді.

Наурыз, сәуір айында 5-11 сынып оқушылар арасында «Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы» бойынша сауалнама алынды. 5-6 сыныптар арасында «HCB-10» тесті алынды. Қатысқан оқушылар саны – 45 оқушы. 7-11 сыныптар аралығында оқушылардың көңіл–күйін, невротизация деңгейін, ашуланшықтығын, әлеуметтік бөлектенуін анықтау мақсатында оқушылардан «Dass шкаласы» бойынша сауалнама жұмыстары жүргізілді. Қатысқан оқушылар саны – 117. Сұхбатқа келген оқушы саны –4. Мектепшілік бақылауда 1 оқушы. Психологиялық қолдау топқа, психологиялық қадағалауға ешқандай оқушы есепке алынбады.

Наурыз, сәуір, мамыр айларында аутодеструктивті мінез-құлықтың (суицидке бейімділік) алдын алуға байланысты психокоррекциялық түзету-дамыту сабақтар жургізілді.

«Мектептегі көңіл-күй» /1-сынып/

«Реніштен арылу» /5-сынып/

«Қиын жагдайлардан не үйренеміз?» /10-сынып/

«Толеранттылық (төзімділік) деген не?» /11-сынып/

Мамыр айының 4-ші жұлдызында «Әлем сенімен әдемі» тақырыбында облыстық семинар өткізілді. Семинардың мақсаты: Білім алушылардың өмірге қызығушылығын арттыру. Білім алушылардың психикалық саулығын сақтау. Іс-шараға облыс, аудан, ауыл мектептерінен психологтар қатысты. Семинар жоғары деңгеде өтті. Үш бағытта жұмыс атқарылды. Ата-анамен, мұғаліммен, оқушымен жұмыстар жүргізілді.

Ер балалармен психикалық саулығын нығайту, тәртіпсіздіктің алдын алу, жеке бас қауіпсіздігін сақтауға бағытталған кездесу өткізілді.

5-9 сыныптар арасында «Менің мектебім буллингке қарсы» акциясы өткізілді. Мақсаты: қазіргі таңда белең алып бара жатқан түрлі оқыс оқиғалардан сақтау, оқушылардың бойына тәрбиелік мәні бар бейне сабақтарды көрсету арқылы

бауырмалдылыққа, достыққа, денсаулығына бей-жай қарамауға үйрету, құқық бұзушылықтардың алдын алу және болдырмау. Әлеуметтік тұрғыда жағдайы төмен отбасы балаларымен психологиялық қолдау жасалуда. Сұраныс (сынып жетекші, пән мұғалімі, ата-ана) негізінде жеке және топтық кеңес беру жүргізілуде.

11-сынып оқушылармен ҰБТ-ге психологиялық бейімдеу сабағы өткізілді. Мақсаты: оқушыларды алдағы болатын ҰБТ-ге психологиялық дайындау, сенімділіктерін арттыру, өзін-өзі жігерлендіруге, анық мақсат қоя білуге үйрету.

Мамыр айында ата-аналармен «Оқушылардың жазғы демалыс кезінде қауіпсіздігі» тақырыбында жиналыс өткізілді. Қазіргі таңда мектеп жанындағы тынығу лагері және жазғы мектептегі оқушылармен жұмыстар атқарылуда.

Педагог-психолог: Нұрлыбаева М